



РУХАНИ
ЖАҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

4. Казанцева О. Общность задач, единство целей // Казахстанская правда, 2013, 30 ноября.
5. Шәріп А. Ядролық қарусыз әлемде мәңгілік ел құрамыз [Мәтін] / А. Шәріп // Айқын. - 2016. - 30 тамыз (№ 129). - 1-2 б.

ӘОЖ930.85(574)(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

Алдоңғоров Әлішер

alashtynbalasy@mail.ru;

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің І курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері– Талғатбек М.О., Дүкенбаева З.О.

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық еңбегінің мәні терең, жас ұрпаққа берер үлгі-өнегесі өлшеусіз. Елбасымыздың мақаласында айтылғандай, ұлт тұтастығын сақтай отырып, өз моделімізді құрастыруымыз керек. Кеңес билігі кезінде талай ғасырдан бері келе жатқан ұлттық салт-дәстүріміз үлкен қатерге ұшырады. Сол сәтте тарихымыз бен рухани қазыналарымыздан бас тартқызатын идеология орнатылып жатты. Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста мәдени және рухани дәстүрлерімізді қайта жаңғырту процесі басталды. Дегенмен жылдам жылжып жатқан жаһандану дәуірінде ұлт тұтастығын жоғалтып алу қаупі жойылған жоқ. Сол себепті, рухани құндылықтарды сақтап қалу маңызды. Халықтың тілі, тарихы, төл мәдениеті, жазба мұрасы – рухани құндылықтардың көзі. Бабаларымыздың ұлттық кодын бізге жеткізетін – қазақтың мәдени әлемі. Ол – ескі ғалымдардың жұмыстары, эпикалық мирастар, музыка, фольклор, салт-дәстүр, архитектуралық ескерткіштер. Бүгінде осылардың барлығы қайта жаңғыртылып, сақталуда. Діни фундаментализм, экстремизм мен терроризмге тек этикалық нормалар, мәдени және дәстүрлі құндылықтар ғана қарсы тұра алады. Руханият үйлесімінің арқасында Қазақстанда діни қақтығыстар, алауыздықтар жоқ. Елбасымыз Жолдауында «Егер ұлт мәдени кодын жоғалтса, ұлттың өзі жоғалады» дейді.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға,

әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады. Ал, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарих толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр. Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» [1,1] — деп атап өтуінде өмір ақиқаты бар екендігі байқалады. Алтай тауларынан Еділ өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр атырап Ұлы дала елі қазақтың кең-байтақ жері. Бұл байтақ жер сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аққан қанымен, қайтпас қайсар бойына туа біткен батыр да батыл жанымен келген. Осынау ұлан-ғайыр өлке Батыс пен Шығысты байланыстырып жатқан транзиттік қатынас атқаратын үлкен геосаяси орны бар алып бір кеңістік. Ұлы Жібек жолының аса маңызды тармағының осы кеңістікпен өткеніде жайдан-жай емес. Ұлы Жібек жолының басты мақсаты интеграциялық мәселелер екені анық. Тек экономикалық сауда байланысы ғана емес әлемнің мәдениеттерін гармониялық синтезде байланыстырған бұл прогрессивті құбылыс екені даусыз. Сол дәуірлерге яғни ерте заман тарихынан бастау алып, орта ғасырларды қамтитын бұл үлкен құбылыс Отырар, Испиджаб, Тараз, Сауран, Сарайшық секілді қалаларда шығыстық және батыстық құндылықтардың түйісуіне әкеп соқты. Бұлда тарихымыздың прогрессивті көрінісі болып табылады. Сонау сақ және ғұн тайпаларының тарихымен бастау алатын кейінгі түркілік кезеңде кемелденіп асқақтайтын әлемдік өркениет ошақтары мен сан-салалы мәдени-рухани қатынастар мен қатар материалдық құндылықтардың ұштасып тоғысқан тұсы. Біздің тарихымыз бай екенінің тағы бір таңғажайып көрінісі осынау кеңістіктен табылып жатқан материалдық-мәдени түптеп келгенде рухани құндылықтарымызды асқақтататын тарихымыздық феномендік аспектісі. Жалпы түркілік әлемнің жәдігерлері өте көп. Бірақ солардың шоқтығы биік бір парасына тоқталр болсақ, Орхон-Энисей жазбалары түркілік дәуірдің ерекше бір тарихи маңызы бар айнымас бөлігіне айналған.

Ғасырлар тоғысында егемендігімізді алып, етек-жеңімізді жинап тәуелсіз де азат ел болғанымыз арқасында сол байланысты қайта жаңғыртуға мүмкіндік алдық. Елбасымыздың кемел де қарымды саясатының арқасында Қазақстан шұғылалы шуақты, қазыналы да қуатты мемлекетке айналып келеді. Қазақстан межелеген мақсаттарға жету жолында түрлі салаларда даму үстінде. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Бұл бағдарламалардың барлығы да «Рухани жаңғыру» атты идеологиялық бағытқа әкеледі. Бұл бағыт ұлт көшбасшысының сарабал да салиқалы саясатының жемісі. Қазақтың тарихында жалпы түркілер тарихында тұлғаның көрегендігі мен ел басқару ісіндегі шеберлігі айқын байқалған. Біздің елбасымыз тарихтың терең де тамырлы сабақтарынан үлгі алып, болашаққа бағдар ұстауымызды мемлекет алдында мақсат етіп қойды. Елбасы бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады.

Адамзат баласына тән абзал қасиеттердің бәрінің де бастауы рухани мұраларға негізделеді. Кез келген жағдайды жан-тәнімен сезінетін иманды, мінезді қазақтың мәңгілік асыл рухы оның ұлт, мемлекет ретінде сақталып қалуының кепілі болды. Мұның бәрі әр заманда

калыптасқан философиялық, қоғамдық, саяси және әлеуметтік көзқарастардың мән-мазмұнымен өз көріністерін айқындаған. Адамдық, азаматтық қасиеттердің болмыс-бітімі де осы ата-бабалар дәстүрінен жалғастық тапқан. Бүгінгі жас толқын, жаңа буын өкілдеріне іскерлік, дарындылықты ғана емес, сонымен қатар ұлтын сүйетін, болашақта халқына тұлға болуға лайық күш-қуат беретін ұлтымыздың рухы осылайша барлық жерде ұлттық өрісін кеңінен жайған еді. Рухани ізденіс әрі тарихи байланыс арқылы халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан тарихи тамырын танимыз. Әрине, танымдық ұғымы тың, ой-таным деңгейі биік тұлғалар әрқашанда озық ойшылдық қалпын танытады. Қай заманда болмасын бәсеке болған жерде сапаның да дамудың да болатынын білеміз. Ал бәсекеге қабілетті бола алатын деңгей бұл әр тұлға мемлекет алдындағы өз міндетін мүлтіксіз әрі үлкен жауапкершілікпен атқарса онда дамудың жолы ашық. Прагматизм әрине шындыққа тура қараған абзал. Біз қаншалықты реалист боламыз мемлекетімізде соншалықты биік деңгейге көтеріледі. Ұлттық бірегейлік мәселесіне келетін болсақ Қазақ хандығының белгілі бір саяси жүйесі болды. Ол жүз бен руға бөліп басқару. Әрине бұның астарында біздің салт-санамызға менталитетімізге сіңісті болған құндылықтар бар. Бірақ қазіргі уақыт ру-тапалық санадан мемлекеттік одан жоғарғы ұлттық сананы жоғары ұсағанымыз жөн. Және де тарихымыздың тағы бір ерекше тұсы бұл Қазақстан мемлекетінде 130-дан астам ұлт өкілдері қоныстанған оларды да естен шығармауымыз абзал. Сол себепті де қазақстандық деген бірегейлікке әкелетін дүние бар. Тарихтың сындарлы да сүреңсіз сынақтарынан өткен Қазақ хандығының басты олқы тұстарының бірі еді. Тас түйін бірлік, тұтастық, келісім бұл мықты мемлекеттің алғышарты. Ал келіспеушіліктер мен белгілі бір түйткілді мәселені шешу тек эволюциялық жолмен жүруі абзал. Білікті басшысы бар біздей елдің алары әлі алда. Бірлігінен айрылмаған, ұлттық санасынан арылмаған елдің рухани тізгіні ұлттың тұтастығын сақтауда. Ұлттық рухтың ауыр салмағы осы қайраткерлерге түскен еді. Өткен тарихтың руханият арналарын қайта көтеруде көне мұралардың деректану көзі ретінде мән атқаратындығы айдан анық. Себебі бұл руханияттар ата-бабаларымыздың қайратын, ерлігін, ұлттық рухымызды дәріптейтін танымдық тағылымдары болды. Қайраткерлердің тұлғалық қадір-қасиеттерін танытатын олардың көркемдік үлгі-өрнектер дәстүрі, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық көзқарастары – барлығы да өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан. Тек сөзімен ғана емес, адамдар мұраты үшін тындырған ісіне қарасаңыз да дана тұлғасымен дараланып тұрады. Заманымыздың заңғар тұлғасы М.Әуезов: «қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қорынан көп нәр алып», сол арқылы құйма құлақ көреген көкіректің арқасында даналық, шешендік қасиеттері қалыптасса керек. Халық даналығын жасаған бесік жыры мен есепсіз мол ертегіден бастап қаһармандық, іңкәрлік эпостары табиғаттан тасқынды талантымен ұштасып жатыр. Даналық — халық мұрасы деген осы болады. Халық философиясы даналыққа негізделген [2,12].

Қазақ елі ерте дүние тарихынан бастап-ақ өзіндік табиғи даму жолында қалыптасқан құндылықтары мен өзіндік мәдени өркениет жетістіктерінің тұтастығын сабақтастыра дамытқан көшпелі халық. Ұлттық мәдениетіміз тарихи дамудың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық бейнелер болмысының қадір-қасиеті жүйелерін бір-бірімен байланыстырушы дәнекері болып келеді. Қазақ өз болмысына тән руханилық пен дүниетанымды өмірге әкелді. Бұл қазақ менталитетіне тән қасиет, яғни дүниені танудың қазақи формасы, дүниені өзінше қабылдау ерекшелігі. Бұл өз кезегінде ұлттық рух және ұлттық сана көрінісі. Оның «тәрбиешісі және дәнекері» — тарихи тағылым.

Атамыз қазақ қай заман, қай кезде де өсер ұрпақтың қамын бір сәтке де есінен шығармаса керек. Бұған дәлел бабаларымыздың жас ұрпаққа ерте кездің өзінде аңыз, ертегі, қисса, небір ғажайып жырларды да жаттатқан. Осылайша дана халықтың дана философиясы мен әлеуметтік-этикалық ой-санасын бойға сіңіріп, рухани жағынан жетілуіне ықпал жасаған. Осының негізінде қазақ баласы өмір сүруге, дүниені танып-түсінуге қабілеті ертеден қалыптаса зердесіне жастайынан сіңіре білсе керек. Демек, жас кезінен өнер бұлағы болған, содан нәр

алғандығы табиғи құбылыс. Даму тарихымыздың өрісіне тереңінен бой алған ұлы дала мұрасы болашағымыздың жарқын келбеті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017.
2. Әуезов М. Шығармалары. -Алматы. 1978. 254 б.

УДК 93/94

ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЕ ДЕЛО В КАЗАХСТАНЕ: ОЧЕРКИ ИСТОРИОГРАФИИ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX - НАЧАЛО XX вв.)

Альжапарова Алмажан Бекжановна

alma_10_12@mail.ru

магистрант 1 курса ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Рахимбекова А.К.

Историография как наука руководствуется одной целью - установлением истины, анализирует изученные исторические события, используя различные методы познания, прослеживает пройденный путь исторической науки в изучении тех или иных проблем и ставит перед исторической наукой проблемные вопросы, не получившие на страницах истории объективного освещения.

Сложность и значимость исторических и политических событий конца XIX – начале XX веков позволяет нам заново пересмотреть и оценить вопрос значения вхождения Казахстана в состав Российской империи и образования уездных Переселенческих управлений. Прежде, чем выразить свою позицию и дать однозначный ответ, исследователи обязательно должны учитывать сложную политическую и экономическую ситуации, которые сложились на тот момент. Что касается историографии данной проблемы, основным трудом, содержащим разносторонний анализ процесса, является фундаментальное исследование Д.И. Дулатовой «Историография дореволюционного Казахстана». В монографии ученого получили отражение многие аспекты проблемы русской экспансии и колонизации казахской степи через призму дореволюционных и советских публикаций. Историографический анализ проблем основывался на концепции добровольного присоединения края к России [1].

Автор критически оценивала концепции «абсолютного» и «наименьшего зла», отраженные у современников, которые не вписывались в существующую концепцию добровольного присоединения. Тезис о добровольном присоединении затушевывал сложность и противоречивость этого процесса [2]. Определенные новации, имевшие место в социально – политической жизни и в сфере общественного сознания в середине 80-х годов XX в., вызвали широкий интерес историков Казахстана к «белым пятнам» истории, в том числе и к колониальному прошлому края. Деятельность казахстанских историков сопряжена с процессами пробуждения национального самосознания казахского народа. Целый ряд проблем историографического и источниковедческого характера поднимались в статьях специальных тематических сборников. Многие вопросы историографии Казахстана, Средней Азии и России рассматривались исследователями сопредельных государств в контексте общности исторических судеб, взаимосвязанности исторических процессов и проявлении исторических закономерностей.

Последнее десятилетие XX века характеризуется появлением обобщающих работ по истории Казахстана, в которых исследуются данная проблема. Следует отметить труды